

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жай-күйі (2005 жылғы 1 сәуірге)

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 73 филиалы мен 75 өкілдігі бар. Қайта құруға байланысты қорлардың саны екіге азайды: “Филип Моррис Қазақстан КЖЗҚ” АҚ мен “АБН АМРО КаспийМұнайГаз ЖЗҚ” АҚ және “Құрмет МАЖЗҚ” мен “Қазақстан МЖЗҚ” бірігіп, соңғысы “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ болып атауын өзгертті.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетті: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны ағымдағы жылдың наурызында 76 120 (1,07%) өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 7 180 753 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны: “МЖЗҚ” – 34,26% “Қазақстан Халық Банкі” – 17,72%, “ҰларҮміт” – 14,73% және “Валют-Транзит-қор” – 7,84% немесе бес қордың үлесіне салымшылардың жалпы санының 82,26 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың наурыз айында 211-ге ұлғайып, 2005 жылдың 1 сәуірінде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,4 млрд. теңгені құрап 30 538 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 63,71 %, “ҰларҮміт”- 19,48% және “Капитал” – 10,14% немесе осы үш қордың үлесінде салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,33% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” қорында ғана болды – 2 993 салымшысының дербес зейнетақы шотында 7,6 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың наурыз айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшыларының шоттарының саны 37 болып ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Мыналар бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.04.04ж.-ға	01.04.05ж.-ға	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
Міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 354 837	7 180 753	825 916	12,99
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	28 295	30 538	2 243	7,93
Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	-	2 993	2 993	

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың қаңтар айында 13 493 млн.теңгеге (2,67%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 518 512 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

(млн.теңгемен)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
на 01.04.02 ж-ға.	200 414	72 243	56,36
на 01.04.03 ж-ға.	288 394	87 980	43,90
на 01.04.04 ж-ға.	389 491	101 097	35,06
на 01.04.05 ж-ға.	518 512	129 021	33,13

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсуі кезінде олардың өсу қарқыны жыл сайын төмендегені байқалса, осы ағымдағы жылдың қаңтар айында олардың өсу қарқыны ұлғайғанын көреміз. Сөйтіп 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2004 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражаты 33,13% ұлғайып, немесе бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,62 проценттік тармаққа көбейгені байқалды .

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мыналар ие: "Қазақстан Халық банкі" – 130 640 млн. теңге немесе 25,20%, "МЖЗҚ" – 110 139 млн. теңге немесе 21,24%, "ҰларҮміт" – 93 055 млн. теңге немесе 17,95% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 37 788 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,29% келетіндігін атап өткен жөн.

Қорлардың 2005 жылғы 1 ақпанға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың наурыз айында 3 634 млн. теңгеге (2,987% -ке) өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 125 386 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млн. теңгемен)

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.04.2002 ж.-ға	55 324	18 936	52,04	27,60
01.04.2003 ж.-ға	80 547	25 223	45,59	27,93
01.04.2004 ж.-ға	100 035	19 488	24,19	25,68
01.04 2005 ж.-ға	125 386	25 351	25,34	24,18

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің өсу қарқыны және көлемінің ұлғаюы байқалады. Сөйтіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25 351 млн. теңгені құрады немесе 25,34%-ке өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 25,34%-ға өсіп, 25 351 млн.теңгені құрады.

Ағымдағы жылдың наурыз айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 10 564 млн теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 406 186 млн. теңге немесе өсім 2,67% болды.



2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамау және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 2 831 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың наурыз айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 86 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 3,13% болды.

Зейнетақы төлемдері ағымдағы жылдың наурыз айында 788 млн.теңгеге (2,81%) өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 28 848 млн. теңге болды. Есепті айда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары сақтандыру ұйымдары бойынша жүзеге асырылған жоқ.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару құқығын** пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 сәуірдегі жинақталған зейнетақы қаражаты 81 866 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың наурыз айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 393 млн. теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 582 млн. теңгеге төмендеді (1,7 есе).


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 55,02%, «ҰларҮміт» - 11,96% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,39% немесе осы үш қордың еншісінде аударылған жалпы сомалардың 76,37%-нен келді.

Мынаны атап айту керек, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,42%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,57%, "Отан" – 0,67% және "Қазақмыс" – 0,82%.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі есепті жыл ішінде 519 525 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың наурыз айында 14 028 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,78%-ке өсті.

2004 жылғы 1 сәуір мен 2005 жылғы 1 сәуір аралығындағы кезеңдегі зейнетақы активтерінің орташа ай сайынғы өсуі 10,8 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-пен
ЖЗҚ	1	2
"ABN AMRO ASSET MANAGEMENT" ЗАИБЖАҰ" АҚ	44 138	8,50
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	37 861	7,29
"Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	6 277	1,21
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	45 096	8,68
"Д.А. Қонаев атындағы Ашық үлгідегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 532	0,29
"Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	13 443	2,59
"СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 344	4,30
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 777	1,50
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	9 543	1,84
"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 543	1,84
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	22 937	4,41
"Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 937	4,41
"ЖЕТІСУ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 768	2,65
"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	13 768	2,65

"Актив-Инвест" ЗАИБЖАУ" АҚ	93 240	17,95
"Валют-Транзит Фонд" Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	93 240	17,95
"НҰРТРАСТ" ЗАБК" ЖАҚ	12 094	2,33
"Халық зейнетақы қоры" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 094	2,33
"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	110 286	21,22
"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	37 526	7,22
АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	130 897	25,20
Зейнетақы активтерінің жиынтығы:	519 525	100,00

2005 жылғы 1 сәуірде инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 516 562 млн. теңгені құрады да, 2005 жылы наурыз айында 19 993 млн. теңгеге ұлғайып, 4,03% -ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. тенге	% к итогу
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	252 519	48,88
ҚР еврооблигациялары	2 549	0,49
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	117 948	22,83
Ұлттық Банктің ноттары	131 859	25,53
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	163	0,03
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	62 692	12,14
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 402	0,66
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	9 503	1,84
Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	126	0,02
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	178 839	34,62
Акциялар,	31 429	6,08
Оның ішінде облигациялар:	147 410	28,54
АҚШ долларына деноминирленген	8 251	1,60
теңгеге номинирленген	139 159	26,94
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	9 481	1,84
Акциялар	7 211	1,40
Облигациялар	2 270	0,44
Жиынтық	516 562	100,00

Келтіріліп отырған деректерден көрініп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің бөлігінде біршама үлес алып, 252 519 млн. теңгені құрады немесе 48,88% болды. 2005 жылғы 1 наурызбен салыстырғанда МБҚ көлемі 2 338 млн. теңгеге немесе 0,91%-ке азайды. 2005 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы 9 329 млн. теңгеге немесе 5,5%-ке өсті. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 9,78%-ке өсіп, 62 692 млн. теңге болды.

Мынаны айта кету керек, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ екінші деңгейдегі банктерге зейнетақы активтерін тек ұлттық валютада салды.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,66% келді. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі көлемі 2005 жылы 306,63%-ға көбейіп, 9 503 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 1,84% келеді.

2004 – 2005 жылғы наурыз аралығындағы кезеңдегі 2005 жылғы 1 сәуірдегі қорлардың нақты және номиналды кірісінің коэффициенттері туралы мәліметтер

2004 жылғы наурыз – 2005 жылғы наурыз аралығындағы кезеңдегі қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің орташа алынған коэффициенті 0,66% болды, есепті айдан кейін 0,07 процентті тармаққа азайып, сонымен бірге нақты кірістің орташа алынған коэффициенті (-1,54%) болды.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2004 жылғы наурыз – 2005 жылғы наурыз аралығындағы кезеңдегі құнсыздану деңгейі 107,1% болды.

ЖЗҚ бойынша таратып айтқанда нақты және номиналды кіріс коэффициенттерінің мәні туралы ақпарат www.nationalbank.kz. Web-сайтында орналасқан.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2005 жылы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 9 468,7 млн. теңгеге өсіп, соның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6115,5 млн. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 64,6%-ін құрады.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомасы 1 424,7 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталының көлемінің 15,0% қалыптастырды.

2005 жылы наурыз айында барлық қорлар жалпы сомасы 1 345,1 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”-40,2% және “МЗЖҚ” –16,5% және “БТА Курмет-Казахстан”-8,6 қорлары алды немесе осы үш қор барлық қорлардың жалпы кірісінің 65,3%-ін құрады.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 349,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті активтерінің көлемінің 3,6% -ін құрады.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша меншікті активтер есебінен **Қорлардың қаржылық инвестициялары** 7 001,8 млн. теңгені немесе меншікті капиталдың көлемінің 73,9% құрады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.